



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

*Қазақстан Республикасының 2022 жылғы
«Ресурстар – Пайдалану» кестелері*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Кіріспе - Өзектілік
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақтылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Ұлттық шоттар департаменті

S.1.3 Байланысатын тұлғаның аты

Смадырова Айымгүл Сағынғалиқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Нақыпбеков Әсет Ерікұлы

S.1.5 Байланысатын тұлғаның пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан, Астана қаласы, Сол жағалау, Мәңгілік ел көшесі 8,4-кіреберіс

S.1.6 Байланысатын тұлғаның электрондық пошта мекенжайы

a.smadyarova@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланысатын тұлғаның телефон нөмірі

+7(7172)74-92-63

S.2 Кіріспе - Өзектілік

«Ресурстар – Пайдалану» кестелері (бұдан әрі – РПК) экономикадағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтер ұсыныстарын, олардың пайдаланылуын, қосылған құнның құрылуын сипаттайтын және «Шығындар– Шығарылым» кестелерін (бұдан әрі – ШШК) құру үшін негіз болып табылатын Ұлттық шоттар жүйесінің (бұдан әрі – ҰШЖ) интеграцияланған құрылымының негізгі компоненттерінің бірі болып табылады.

РПК-ны құру мақсаттары үшін халықаралық тәжірибеде қолданылатын және ұлттық экономикада қабылданған тұжырымдамалар, анықтамалар мен статистикалық бірліктердің, экономикалық қызмет түрлерінің, өнімдердің жіктеу жүйесі пайдаланылады.

Қазіргі уақытта РПК-ны қалыптастырудың өзектілігі экономикалық талдауды жүргізу қажеттілігіне, болжамдау үшін макроэкономикалық модельді құруға және қосылған құнды құрудың жаһандық тізбегін қалыптастыруға негізделген.

Негізгі пайдаланушылар – мемлекеттік органдар, ғылыми-зерттеу институттары және Еуразиялық экономикалық комиссия, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы сияқты халықаралық ұйымдар болып табылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

S.3.3 Метадеректерді соңғы жаңарту

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

РПК құрылымына өзара тығыз байланысқан екі кесте кіреді – ресурстар кестесі және пайдалану кестесі.

Ресурстар кестесі экономикадағы тауарлар және көрсетілетін қызметтер ұсынысын сипаттайды. Экономиканың ұсынысы немесе ресурстары ел аумағында өндірілетін өнімнің шығарылымынан және импорттан құралады. Тауарлар және көрсетілетін қызметтер шығарылымы негізгі бағаларда бағаланады. Ресурстар кестесінің әрбір бағаны қызметтің негізгі және қайталама түрлері бойынша өндірілген, саладағы тауарлар және көрсетілетін қызметтер өндірісі туралы ақпарат береді.

Пайдалану кестесі үш квадранттан тұратын тікбұрышты кестені білдіреді, екеуі жоғары бөлікте және біреуі төмендегі бөлікте орналасқан. Жоғарғы сол жақ квадранты өндіруші бірліктердің әртүрлі топтарының әртүрлі өнімдерді пайдалануын көрсететін ішкі матрицадан тұрады. Басқаша айтқанда, бұл квадрант жолдардағы өнімдер мен бағандардағы салалар бойынша біріктірілмеген аралық тұтыну туралы деректерді қамтиды. Жоғарғы оң жақ квадрант түпкілікті тұтыну, жалпы жинақтаудан және экспорттан тұрады. Төменгі сол жақ квадрант табыстың пайда болу шотының элементтерін көрсету үшін қосылған құн туралы біріктірілмеген деректерді қамтиды, яғни еңбекақы, жалпы пайда немесе жалпы аралас табыс, өндіріске берілген демеуқажыларды шегергендегі өндіріске салынатын басқа да салықтар.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

NACE rev.2 халықаралық жіктеуішпен үйлестірілген Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (03-2019 ҚР ҰЖ).

CPA 2008 халықаралық жіктеуішпен үйлестірілген Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуіші (04-2008 ҚР МЖ).

Жіктеуіштер ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында «Статистикалық жіктелімдер» бөлімінде орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

Елдің экономикасын тұтастай құрайтын резиденттік институционалдық бірліктер бір-бірін өзара жоққа шығаратын бес институционалдық секторға топтастырылады: қаржылық емес корпорациялар секторы; қаржылық корпорациялар секторы; мемлекеттік басқару секторы; үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар секторы; үй шаруашылықтарының секторы.

РПК жалпы экономика бойынша қалыптастырылады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

Сатып алушылардың бағаларында пайдалану кестесі экономикадағы барлық өнімдерді қамтитын, сатып алушылардың бағаларында бағаланған өнімдер топтары бар

тікбұрышты матрица түрінде ұйымдастырылған, өнімдерді әртүрлі пайдалану түрлеріне жатқызуды көрсететін жолдар мен бағандарда көрсетілген өнімдер баланстарының жиынтығынан тұрады.

Сатып алушылардың бағаларындағы ресурстар кестесі тиісті пайдалану кестесіндегі өнімдер топтарын көрсететін жолдары бар тікбұрышты матрицадан және негізгі бағаларда бағаланған отандық өндіріс ресурстарының түсімін көрсететін бағандардан, сатып алушылардың бағаларында бағаланған әрбір өнім тобының ресурстарының жалпы шамасын алу үшін қажетті импорт пен бағалауды түзетуден тұрады.

РПК қалыптастырудың негізгі принципі ресурстардың жалпы саны тауарлар мен қызметтерді пайдаланудың жалпы көлеміне тең болуы керек, бұнда өлшеу бірдей бағамен жүзеге асырылады:

Өнімдер шығарылымы + импорт (= барлық ресурстар)

= аралық тұтыну+түпкілікті тұтыну+жалпы жинақтау+экспорт (= барлық пайдалану).

Сондай-ақ, ресурстар кестесіндегі сала бойынша жиынтық өнім шығарылымы, шығындардың (Жалпы қосылған құн компоненттерін қоса алғанда) шамасына тең, яғни негізгі бағалардағы шығарылым аралық тұтыну сомасы мен ЖҚҚ -ға тең.

S.4.5 Статистикалық объект

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер.

Экономикалық қызмет түрлері.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірліктерін іріктеу қағидаты)

Қолданылмайды.

S.4.7 Аумақтық қамту

Жалпы Қазақстан Республикасы.

S.4.8 Қамту уақыты

2001-2019.

S.4.9 Базалық кезең

S.5 Өлшем бірлігі

Мың қазақ теңгесі

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

4. ««Ресурстар – Пайдалану» және «Шығындар – Шығарылым» кестелерін құру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы 1 қазандағы №10 бұйрығы.

S.8 Күпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Күпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің күпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық күпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Ұлттық статистика бюросының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Ұлттық статистика бюросының есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың күпиялылығын оның тұтастығы және тентүпнұсқалығы болу шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Күпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағы.

Статистикалық жұмыстардың жоспары мен Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі www.gov.kz мемлекеттік органдарға арналған Интернет-ресурстардың бірыңғай платформасының сайтында орналастырылған Қазақстан Республикасы Стратегиялық

жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының «Басты»/ «Қызмет»/ «Негізгі құжаттар»/ «Жоспарлар» бөлімінде орналастырылған.

S.9.2 Графикке қолжетімділік

www.gov.kz мемлекеттік органдарға арналған Интернет-ресурстардың бірыңғай платформасының сайтында Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының бөлімінде «Басты»/ «Қызмет»/ «Жоспарлар» бөлімінде барлық пайдаланушыларға бірдей және бір мезгілде қолжетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайты. Басты/ Экономика/ Ұлттық шоттар.

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

S.11.2 Жарияланымдар

«Қазақстан Республикасының «Ресурстар – Пайдалану» кестелері» статистикалық бюллетені Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында Басты / Экономика / Ұлттық шоттар / Жарияланымдар/ Бюллетень, және Басты /Экономика/ Ұлттық шоттар / Электрондық кестелер бөлімінде жыл сайын Excel форматында, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

S.11.3 On-line режимдегі деректер қоры

«Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесі > Ұлттық шоттар статистикасы.

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Ресми статистиканы дайындау мақсатында жиналған деректерді тарату «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабында көзделген талаптарға негізделеді, осыған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

Микродеректерге қолжетімділік және микродеректердің анонимділігі Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларымен реттеледі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

S.11.5 Өзге де

Қолданылмайды.

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1. Ұлттық шоттар жүйесі, 2008 (ЕУРОСТАТ Еуропалық Қоғамдастықтардың Комиссиясы, Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Дүниежүзілік Банкі басып шығарған).<https://unstats.un.org/unsd/nationalaccount/docs/SNA2008Russian.pdf>.

2. Шығындар - шығарылым кестелерін құрастыру және оларды талдау бойынша нұсқау (Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ)).

3. ««Ресурстар – Пайдалану» және «Шығындар – Шығарылым» кестелерін құру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы 1 қазандағы №10 бұйрығы.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

2.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 7 маусымда № 17011 болып тіркелді.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Ұлттық шоттар статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпыға бірдей қабылданған рәсімдермен құпталады:

- халықаралық стандарттарға сәйкес деректердің салыстырымдылығын қамтамасыз ету үшін халықаралық ұсынымдарға сәйкес қалыптастыру;

- тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;

-статистикалық деректердің салыстырмалы талдауы жүргізіледі.

S.13.2 Сапаны бағалау

Сапа 2008 ҰШЖ халықаралық стандартының тұжырымдамаларын қатаң қолданумен және деректердің анықтығымен қамтамасыз етіледі.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Қажеттілік

Негізгі пайдаланушылар:

мемлекеттік органдар (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі және тағы басқалары);

ғылыми-зерттеу институттары (Экономикалық зерттеулер институты және тағы басқалары);

халықаралық ұйымдар (ЕурАзЭҚ, ЭЫДҰ және тағы басқалары);

ЖОО оқытушылары, студенттер және тағы басқалары.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Q-002 «Пайдаланушыларға сауал салу» сауалнамасына сәйкес жыл сайын статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізеді.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

2008 ҰШЖ халықаралық стандартына сәйкес.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Бастапқы деректердің дәлдігі деректер көздерінің әдіснамалық негізділігін бағалау және әдіснамалық ұсынымдарды сақтау арқылы бақыланады.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/A1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақтылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақтылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

РПК есепті кезеңнен кейін 11 айда (Т+11) жарияланады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес мерзімдерде жарияланады және таратылады.

2023 жылға арналған Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес «Қазақстан Республикасының 2022 жылғы «Ресурстар – Пайдалану» кестесінің » бюллетені 2023 жылғы 29 қарашада жарияланды.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Есептеулер 2008 ҰШЖ әдіснамасына сәйкес жүргізілетіндіктен, халықаралық деңгейде салыстырылмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Қолайсыз.

S.17.2 Салыстырылатын уақыт қатарларының ұзақтығы/СС2

2001 жылдан бастап жарияланған.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Есептеулер Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Еуропалық қоғамдастықтардың статистикалық бюросы (Еуростат), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) және Дүниежүзілік банкі дайындаған 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады, ол бірдей ұғымдарды, анықтамаларды, жіктелімдерді және бағалау әдістерін қолдануды қамтамасыз етеді.

S.18.2 Ішкі келісушілік

РПК қалыптастыру үшін салалық статистиканың, құрылымдық статистиканың деректері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жиынтық деректері пайдаланылады.

РПК қалыптастырудағы негізгі және өте маңызды проблема, ол сауда және көлік үстеме бағалары, ҚҚС, аралық тұтыну, импорттық өнімді пайдалану туралы егжей-тегжейлі деңгейде ақпарат көздерінің жетіспеушілігі болып табылады. Жетіспейтін деректер туралы ақпарат алу үшін барлық шаруашылық жүргізу субъектілеріне зерттеу

жүргізу респонденттерге өте үлкен жүктеме әкеледі, сонымен бірге бұл қымбат және көп еңбек шығынын қажет ететін процесс. Осыған байланысты оларды бағалаудың келесі тәсілдері қолданылады.

Бағалау көрсеткіштері

«Ресурстар = пайдалану» теңдігін алу үшін ресурстарды өндіруші бағасы негізінде тұтынушы бағасында бағалау қажет, яғни сауда, көлік үстеме бағалары және ҚҚС бойынша компоненттердің болуы қажет. Қазіргі уақытта тұтыну түрлері бойынша өнімнің әрбір түрі үшін сауда, көліктік үстеме баға және ҚҚС алу үшін пайдалану тарапынан бағалау жүргізіледі. Оларды есептеу әдісі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы 1 қазандағы №10 бұйрығымен бекітілген «Ресурстар–Пайдалану» және «Шығындар–Шығарылым» кестелерін жасау әдістемесінде сипатталған.

Аралық тұтыну

Ұлттық статистикалық тәжірибеде өнімнің бөлінісінде экономикалық қызмет түрлері бойынша аралық тұтыну құрылымын сипаттау үшін, ірі және орта кәсіпорындар үшін «Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп» (индексі 1-ПФ, кезеңділігі - жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың деректері қолданылады. Осы нысанның нұсқаулығына сәйкес кәсіпорындар өндіріс процесінде тұтынылған пайдаланылатын өнімнің негізгі түрлерінің 20-30 атауын көрсетеді, олар пайдаланылатын тауарлар мен қызметтердің жалпы сомасының кемінде 50% - ын құрайды. РПК-де өндіріс процесі ірі, орта және шағын кәсіпорындар үшін әр түрлі болуы мүмкін екендігіне қарамастан, 1-ПФ деректері негізінде алынған құрылым бүкіл экономика үшін қолданылады, әрине, бұл ШШК-дегі тура және толық шығындар коэффициенттерінің сапасына әсер етеді.

Импорттық өнімді пайдалану матрицасы

Тауарлар мен қызметтерді пайдалану отандық және импорттық өнімдерді жеткізуді қамтиды. Сондықтан импорттық тауарлар мен қызметтерді пайдалануды отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланудан бөліп көрсету қажет. Импорттық өнімді пайдалану матрицасын қалыптастыру бойынша ақпарат көздері болмағандықтан, Кең экономикалық санаттар бойынша жіктеуішті (бұдан әрі - КЭС) пайдалану туралы шешім қабылданды. КЭС жіктеуішін БҰҰ Хатшылығының статистикалық бөлімі әзірледі, ол 19 негізгі санаттан тұрады. БҰҰ Статистикалық комитеті Үйлестірілген жүйе (HS) мен КЭС кодтары арасында арнайы ауысу кілттерін әзірледі. ЕАЭО СЭҚТН кодтарының жүйесі халықаралық Үйлестірілген жүйеге сәйкес келетіндіктен, қолда бар ауысу жүйесі импортты пайдалану матрицасын қалыптастыру үшін қолданылуы мүмкін. Бұдан басқа, ол халықаралық сауда бойынша кедендік статистика деректерін

өндіріс құралдары (күрделі жабдықтар), аралық тауарлар және тұтыну тауарлары сияқты санаттарға түрлендіру құралы ретінде қызмет етеді. 2022 жылғы кедендік статистика деректеріне КЭС жіктеуішін қолдана отырып, 32,22% тұтыну тауарлары бойынша импортталғанын, 24,12% күрделі жабдықтар бойынша импортталғанын және 43,64% тауарлар өнім өндіру бойынша пайдаланылатынын көруге болады.

	Өндіріс құралдары (күрделі жабдықтар)	Аралық тауарлар	Тұтыну тауарлары	Басқа санаттарға енгізілмеген тауарлар	Барлығы
Экспорт, %	2,13	93,67	4,20	0,00	100,00
Импорт, %	24,12	43,64	32,22	0,02	100,00

Баланстық түзетулер

Іс жүзінде барлық бастапқы деректерді ресурстар кестесіне және пайдалану кестесіне енгізгеннен кейін «ресурстар = пайдалану» баланстық теңдеуі орындалмайды. Деректердің сәйкес келмеуі әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттың сәйкессіздігінің, деректерді толық ұсынбаудың, өнім түрлері бойынша дұрыс таратылмауының немесе басқа себептердің нәтижесі болып табылады. Ресурстар мен пайдалану арасындағы айырмашылық 2022 жылы 7,9% құрады. Толығырақ ақпарат келесі кестеде келтірілген:

Бөлімдер	Атаулар	Алшақтықтың %
A	Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдері	18,63
B	Кен өндіру өнеркәсібінің өнімдері	-2,15
C	Өңдеу өнеркәсібінің өнімдері	3,61
D	Электр энергиясы, газ, бу және ауа баптау	14,89
E	Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау және жою бойынша қызметтер	9,08
F	Ғимараттар және құрылыс жұмыстары	15,08
G	Көтерме және бөлшек сауда бойынша қызметтер; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу бойынша қызметтер	46,32
H	Көлік, қойма шаруашылығының қызметтері	-0,08
I	Тұру және тамақтандыру бойынша қызметтер	40,81
J	Ақпарат және байланыс бойынша қызметтер	25,78
K	Қаржы және сақтандыру қызметтері	-7,24
L	Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар бойынша қызметтер	11,42
M	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер	-22,83
N	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	6,11
O	Мемлекеттік басқару және қорғаныс саласындағы қызметтер; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша қызметтер	0,00
P	Білім беру саласындағы қызметтер	32,37
Q	Денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету саласындағы қызметтер	66,65
R	Өнер, ойын-сауық және демалыс саласындағы қызметтер	40,05
S	Өзге де қызметтер	54,47

T	Үй қызметшісін жалдайтын үй шаруашылықтарының қызметтері және өзі тұтыну үшін тауарлар мен қызметтерді өндіруі бойынша қызметтер	-3,64
U	Аумақтан тыс ұйымдар мен органдардың қызметтері	
	Барлығы	7,88

Кестеден көрініп тұрғандай, көптеген статистикалық айырмашылықтар оң таңбалы толып тұр, яғни пайдалану тарапынан жете бағаланбағанын немесе ресурстық бөлігі көбейтілгенін білдіреді.

Сәйкессіздіктерді жою үшін РПК-ға теңгерімдік түзетулер енгізіледі. Теңгеру екінші квадрант үшін, сондай-ақ алшақтықты 5%-дан азға төмендеткенге дейін аралық тұтыну бойынша әрбір өнім үшін қолмен жүзеге асырылады. Әрі қарай, теңгерім Excel режимінде макростарда жазылған бағдарламаның көмегімен жүзеге асырылады. Оның міндеті ресурстар кестелері мен пайдалану кестелері арасындағы қалған айырмашылықты жолдар бойынша, сондай-ақ аралық тұтыну матрицасындағы бағандар бойынша пропорционалды түрде бөлінуі болып табылады.

Тексеру барысында алынған нәтижелер өндіріс, табыстардың пайда болуы, тұтыну шоттарының көрсеткіштерімен салыстырылады. Өндіріс әдісімен және РПК ЖІӨ-нің айырмашылығы 2022 жылы 0,3% құрады.

ҮШҚКЕҰ секторы

2023 жылы «Коммерциялық емес ұйымдарды біржолғы зерттеу» (бұдан әрі - 1-КЕҰ нысаны) статистикалық байқауын жүргізу Қазақстан Республикасының Ұлттық шоттар жүйесін құру үшін қажетті 2022 жылғы ҮШҚКЕҰ секторындағы коммерциялық емес бірліктердің деректерін, сондай-ақ РПК-ны алуға мүмкіндік берді. Бұл, сөзсіз, осы секторда қалыптастырылатын көрсеткіштердің сапасына әсер етеді, өйткені бұған дейін ҮШҚКЕҰ секторының көрсеткіштері бойынша 2009 жылы жүргізілген статистикалық байқау негізінде деректерге бағалау (экстраполяция) жасалған болатын.

Алынған деректердің нәтижелері бойынша үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың нарықтық емес шығарылымы және түпкілікті тұтыну шығындары есептелген.

S.19 Жүктеме

Ресурстар және пайдалану кестелерін Ұлттық статистика бюросының қызметкерлері Excel-де қалыптастырады.

Осы кестелерді қалыптастыру кезінде ведомстволық және әкімшілік деректер де пайдаланылады.

Басқа статистикалық жұмыстармен қайталануы - жоқ.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /A6

Әдіснама немесе жіктеуіш өзгерген жағдайда қайта қарау жүзеге асырылады.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

РПК қалыптастыру үшін бастапқы деректер мыналар болып табылады:

салалық статистика деректері:

- өндірілген өнім және көрсетілген қызметтер көлемі;
- үй шаруашылықтарының шығыстары мен кірістері, бөлшек сауда;
- негізгі капиталға салынатын инвестициялар;
- өзге де деректер;

ведомстволық және әкімшілік деректер:

- төлем балансы, қызметтер балансы және т.б. (ҚР Ұлттық Банкі);
- мемлекеттік бюджеттің орындалуы туралы есеп, кеден статистикасы және т.б. (ҚР Қаржы министрлігі);

құрылымдық статистика деректері:

- кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі;
- негізгі қорлардың жағдайы туралы мәліметтер;

өндіріс, кірістердің қалыптасуы, пайдалану шоттарының көрсеткіштері.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Жалпымемлекеттік статистикалық байқау нәтижелері салалық статистика департаменттерінен және АЕО РМК-дан Excel кестелері түрінде алынған. Мемлекеттік органдармен ақпарат алмасу туралы бірлескен бұйрықтар шеңберінде Excel кестесі түрінде, сұраулар бойынша және дереккөздердің ресми сайттарынан әкімшілік және ведомстволық деректер алынды.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Салалық статистика департаменттерінен және әкімшілік дереккөздерден алынған деректерге талдау жүргізіледі. Тексеру процесінде алынған нәтижелер өткен кезеңмен салыстырылады.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзету

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.